

КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІКТЕРІ

«Болашақ» университеті колледжі 2015- жылы Астана қаласының «Сала көшбасшысы» (Лидер отрасли) Ұлттық сертификатымен, 2016 жылы Астана қаласының «Білім беру мақтанышы» Ұлттық сертификатымен, дәл осы жылы Астана қаласының «Білім. Даналық. Бейімділік» Ұлттық Бизнес Рейтингісінің марапатына ие болды.

0506000-Шаштараз өнері және сәндік косметика мамандығы бойынша WordSkills Kazakhstan Ұлттық Республикалық байқауына Болашақ колледжі ПД-14 оқу тобы студенті Ділмағанбетова Меруерт Балғабекқызы қатысып, бақ сынап қайтты.

«Кәсіптік білім беру және бизнес: Әріптестер сұхбаты» атты облыстық форумына қатысушы «Болашақ» колледжі, «Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының арасында өткізілген оқу-әдістемелік және шығармашылық» көрмесінде I орын дипломмен марапатталды.

Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының және «Эрудит» интеллектуалды білім порталының ұйымдастыруымен өткен зияткерлік сайыста колледж оқушысы Сабанқұлов Руслан 1-орын дипломмен;

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Ұлт тағдыры: Ұлы тұлғалар» атты қалалық сайыста «Болашақ» колледжінің «Мәңгілік ел» тобы 1 орын Құрмет грамотасымен;

Қызылорда қаржы-экономика органдарының 95 жылдығына арналған «Тәуелсіздік символы –Ұлттық теңге» тақырыбында ғылыми-теориялық конференцияда Серік Дәулет 2-орын дипломымен;

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары оқушыларының арасында «Мен-Қазақстандықпын!» тақырыбындағы облыстық шығармалар байқауында 3 орын алған Тоқтамыс Әнуар дипломмен марапатталды.